



ПЕДАГОГИКА

**Ибрагимов Р.,
Палымбет Н.Ә.**

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК
ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*В данной статье рассматриваются
некоторые виды самостоятельных
работ учащихся.*

*Some types of individual work of student
are considered in this article.*

Оқушылардың өзіндік іс-әрекеттерін қалыптастыруда, олар белгілі бір операцияларды орындаулары қажет болады. Бұл операцияларды орындау барысында әртүрлі алгоритмдерді қолдануға тура келеді. Осыған орай оқушыларға оқыту барысында алгоритмдердің жазылу тәсілдерін меңгертуге аса назар аудару қажет.

Алгоритмдік жазулар бірнеше тәсілдермен берілуі мүмкін. Оларға мысалдар келтірейік:

1. Алгоритм толық берілуі мүмкін. Толық түсініктемен жазылған алгоритм. 2. Бөліктеніп жазылған алгоритм. 3. Ережелерді, қағидаларды, формуланы қолданып ықшам түрде берілген алгоритм. 4. Қандай да бір алгоритмнің қолдануына үлгі болатын нақ-тылы мысалдар арқылы берілуі мүмкін. 5. Алгоритмдік тілдің элементтерін қолданып, мысалы блок-схема түрінде берілетін алгоритмдер.

Соңғы кезде оқушылардың өзіндік оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру үшін математика оқулықтарында операцияларды орындауға байланысты алгоритмдерді оқу материал-дарының ішінен бөліп алып формула немесе толық түсінікті жазылған алгоритм ретінде беру кеңінен орын алып отыр. Мұндай жұмыс белгілі бір типтегі есептерді шығару алгоритмдерін бір жүйеге келтіріп, оны келешекте қолдану үшін еске қалдыруға және де оқушылардың есептеулерді орындау мен логикалық ойлау сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді. Оқушылардың өзбетінше жұмыстарын ұйымдастыру олардың білімдерін көтеруге өз септігін тигізеді. Оқушылардың өз білімін көтеру дағдысын қалыптастыру қазіргі кезде өте көкейкесті мәселе болып отыр. Қазіргі уақытта математика пәнінің мұғалім-дерінің алдында тұрған жауапты міндет оқушылардың білім дәрежелерін барынша жетілдіру. Мектепте әр сыныпта қабілетті оқушылармен қатар математикадан білім дәрежелері төмен оқушылар да аз емес. Математикадан қабілеті жоқ деп қорытынды жасау баланың болашағына жасалған қысым. Оның өзіне сену қабілетін, жауапкершілігін, еңбекке деген қабілетін жоюмен пара-пар.

Математикадан оқушылардың білім дәрежелерінің төмендігі, олардың қабілет-терінің жоқтығынан емес, өз беттерімен жүйелі түрде білім алуға дағдыланбаудан, жүйелі еңбектің жоқтығынан. Олай болса, әр мұғалімнің мақсаты оқушылардан тек анықтама, теорема, аксиомаларды жатқа айтуды талап ету ғана емес, оларды алған білімдерін қолдана білуге,



дәлелдеуге, анализ жасауға математикалық интуицияға үйрету. Әрине үйрету, үйрену жолдары оңай емес. Білім алудың ең бірінші жолы әр оқушының үлкен жауапкершілігі, өз-өзіне талап қоя білуі, қиындықты өзбетімен шеше білуге үйренуі. Қазіргі мектеп педагогтарының алдында тұрған ең жауапты міндет, ол оқушылардың шығармашылық өз білімін көтеру дағдысын қалыптастыру.

Мұғалімге оқушылардың өз білімін көтеру дағдысын қалыптастыруда не істеу керектігі, мысалы өз беттерімен жүргізілетін әртүрлі лабораториялық жұмыстар, диктант, сынақ, семинар т.б. жұмыстардың түрлерін біліп қою ғана емес, сол теориялық білімді іс-жүзінде қалай іске асыру керектігін білу қажет. Ал, бұл мақсат мұғалімнің тек ерінбей-талмай ізденуіне, жауапкершілігіне байланысты. Ол үшін, мұғалім мынадай төрт түрлі талапқа толық жауап беруі керек.

Біріншіден, өз пәнін теориялық тұрғыдан өте жетік білуі керек;

Екіншіден, әр бағдарламалық материалдардың мақсатын оқушылардың жас ерекшеліктеріне, психологиясына байланысты түсіндіре білуі керек;

Үшіншіден, түсіндірілген материалды сол сабақтың үстінде оқушылардың қандай дәрежеде меңгергенін тексеріп үлгеруі қажет;

Төртіншіден, материалды барлық оқушылардың толық меңгеруіне талап қоя білуі керек.

Осы процестер кезіндегі оқушылардың өзбетімен жұмыс істеу жүйесін іске асыру арқылы олардың өз білімдерін көтеру дағдысын қалай қалыптастыру керек?

Өзіндік жұмыстарды өткізу барысында мұғалімнің алдындағы мақсаттары әр түрлі: ол өткізілген жұмыстың мазмұнын таңдап алу, орындалу жолдарын, формасын анықтау, жұмысты тексеріп, қорытындылау. Жұмыс мазмұны оқушылардың танымдық, байқағыштық, елестету, ойлау қабілеттерін жетілдіру негізінде құрастырылуы керек. Өзіндік жұмыс формасын өзгерте отырып, оқушылардың білім дәрежелерін тексеру, үйрету, жаттықтыру жолдары іске асырылады. Барлық оқушыға берілген бірдей тапсырма бір оқушы үшін тек жаттығу есебі болса, екінші біреу үшін ол белгісіз тапсырма, оған ол шығармашылық пен шығару жолдарын іздену, еңбектену арқылы келуі мүмкін. Барлық сынып оқушылары орындаған өзіндік жұмыстарды тез тексеру, қорытындылау мұғалімге үлкен қиындық тудырады, сондықтан да оқушылардың қабілеттеріне қарай бір ғана тапсырманы бірнеше қадамға бөлуге болады. Мысалы:

1-ші есеп, қабілеттілігі жоғары деген оқушылар үшін төрт қадамнан тұрса, 2-ші есептің шешуі жоғарыдағы есептің тек үш қадамынан, ал 3-ші есеп алдағы есептің тек екі қадамынан ғана тұрады. Бұл мысалдардан мұғалімнің әр оқушының психологиялық ерекшелігін, білім дәрежесін, қабілеттілігін, яғни өзіндік жұмысты дұрыс ұйымдастыруының маңызы зор екені көрінеді.

Оқушылардың ойлау қабілетін арттыру мақсатында өзіндік жұмысты оқушыларға жекелеген проблемалық материалдар бере отырып, сабақ мақсатына байланысты жалпы проблемаларды өз беттерімен шешуге үйретудің маңызы зор. Әсіресе, оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеу, оларға бақылаудың әртүрлі түрлерін үйрету қажет.

Оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеу мәселесі ҚР "Білім туралы" Заңында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының егемендігі жайындағы білім беру үрдісінің жаңартылуы тұрғысынан көкейкесті мәселеге айналып отыр. Заңда осы заманғы білім беру жүйесінің басымдық міндеттері *"тұлғаның рухани және физикалық мүмкіндіктерін ашу, адамгершіліктің берік негіздерімен салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке даму үшін жағдай туғызу арқылы интеллектіні байыту жатады"* деп көрсетілген. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерді дамыту тұжырымдамасында өзіндік жұмыс және өзіндік бақылауға байланысты мақсаттар мен міндеттер нақтыланған. Ол міндеттерге мыналар жатады:

-оқушылардың тұлғалық пісіп-жетілу деңгейін қалыптастыру, өзін тәрбиелеуге, өзіндік білім алуға бейімдеу, тұлғаның үздіксіз білім алуына, өз бетінше білімін толықтырып тереңдетуге ынтымақтасын тудыру;

-санасын ашу арқылы нарықтық экономикалық жағдайында оқушылардың өз ойларын жүзеге асыруға жағдай туғызу.

Қазіргі жағдайда адамға қажетті білім көлемі күрт артып отыр. Сондықтан оқушыны өзінің белсенді оқу әрекеті арқылы өз білімін үздіксіз толықтырып отыруға үйрету аса маңызды. Толыққанды өзіндік оқу әрекетін қалыптастыру үшін мектепте оқушының өзіндік білім алуды қажетсінуін ояту және таным әдістерімен таныстыру керек. Оқу мақсаттары оқушының оқу әрекетінде іске асырылады.



Өзіндік бақылауға бейімдеу – оқушыны өзін-өзі дамытатын белсенді тұлға ретінде өзін тануға, өзіндік дамуға, өзін бақылап бағалауға қабілетті, мұғаліммен тең диалогтық қарым-қатынасқа түсе алатын тұлға ретінде қалыптастырушы фактор.

Өзіндік бақылау күрделі және кешенді сипатта іске асатын әрекет, өйткені оның әрбір құрамдас бөліктерінің өзіндік құрылымы бар.

Өзіндік бақылауға кіретін өзіндік әрекеттер жүйесіне өзіндік білім алуды жоспарлау, алған білімін жүйелеу, қорытындылау және түзетіп отыру, білімін реттеу, түзету, өзінің танымдық әрекетін білім маршрутына сай жоспарлау жатады. Аталған бөліктер өзара тығыз байланысты біртұтас жүйені құрайды.

Оқыту үрдісіндегі өзіндік бақылау үш блоктан: өзіндік әрекет, өзіндік басқару және өзіндік бағалаудан тұрады.

Өзіндік бақылау мен бағалау толыққанды үрдіс ретінде белгілі бір мақсатта оқушының өзіндік басқаруы және өзіндік әрекеті аясында іске асады. Демек, бұл ұғымдар әр алуан өзіндік жұмыстармен тікелей байланыста болады. Оқушылардың өзіндік әрекеттері мақсатына өзіндік бақылауға бейімделуді жүзеге асыратын әрекет- қимылдарды оқушының өзінің таңдап алуы, оларды алдын-ала жоспарлауы кіреді. Өзіндік әрекет білім беру үрдісінің барлық кезеңдерін қамтуы тиіс. Өзіндік әрекеттің мақсатын айқындаудағы мұғалімнің мұраты-оқушының оқыту үрдісіндегі өзінің рөлін мойындауына қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету.

Өзіндік әрекеттің екінші бөлігі оқу-танымдық тапсырмаларды орындаумен байланысты болып, қимылдардың жиынтықтарының құрылым элементтерін, яғни операциялардың орындалу реттілігін анықтаумен сипатталады. Ал өзіндік әрекеттің үшінші бөлігі – құралған танымдық оқу әрекеті жатады. Өзіндік әрекет арқылы жүзеге асырылатын танымдық оқу әрекетінің түп мақсаты-тұлғаны қалыптастыру.

Осы үрдістің іс-әрекет жүйесіндегі субъект рөліндегі оқушы, ең алдымен өзіндік бақылауды жүзеге асыруға қажетті өзінде бар білім мен білік деңгейін анықтап алуы қажет. Бұл кезеңдегі мұғалімнің міндеті - оқушының өз білім сапасын жақсарту үшін өзіндік бақылауға бейімделудің маңыздылығы мен қажеттілігін ұғынуына және оқыту үрдісі барысында оқушының бұрыннан бар өзіндік бақылау білігін саналы түрде пайдаланып бекітуге ықпал ету.

Оқушылардың өзіндік бақылауларын мынадай төрт түрге бөлуге болады екен: сырттай бақылау, іштей бақылау, өзара бақылау, өзара іштей бақылау. Өзіндік бақылауға бейімдеу мақсатын жүзеге асыратын өзіндік басқару оқушылардың теориялық білімді терен игеруге, оның көмегімен өз білімін тұрақты түрде толықтырып және жанартып отыруды қажетсізінді әдетке айналдыруды және ойлау әрекетін дамытып, өзіндік бақылауға бейімдеудің тиімді әдіс-тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді.

Оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеу тиімді болуы үшін мынадай шарттар орындалуы керек:

-өзіндік бақылаудың мәні мен қызметтері нақтыланып ашылуы;

-өзіндік бақылауға бейімдеуге арналған арнайы дидактикалық жүйе жасалынуы ;

-тиімді қызмет ететін және дамытын арнайы жүйе анықталып тәжірибелік сынақтан өтілуі;

Оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеу жүйесінің басты мақсаттарына өзіндік әрекет, өзіндік басқару арқылы өзіндік бақылаудың құрылымдық бөліктерін қалыптастыру жатуы тиіс. Осы үш бөліктен өзіндік бақылауға бейімдеу мақсаттары құрылады.

Біз анықтаған өзіндік бақылауға бейімдеу жүйесі толығымен субъектінің өзіндік әрекетіне тәуелді. Осы жүйе оқушының жеке басының тәжірибесіне негізделеді және оған өз тұлғасының дамуы жағдайында өзіндік бақылауға бейімделуге байланысты өзгерістерді байқауына мүмкіндік береді.

Оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеу мәселесін зерттеу стратегиясының өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары бар. Теориялық-әдіснамалық стратегия кез келген зерттеу міндеттерін шешуде басты рөл атқарады.

Теориялық-әдіснамалық ізденістер бізді арнайы дидактикалық жүйеге әкелді. Бұл жүйенің мәнісі – адам өзінің жеке басының дамуының позитивтік өсу ресурстарының және өзін көкейкестілентіру механизмдерінің орталығы болып табылады.

Қазіргі заманда дүниенің даму динамикасы күрт өзгеріп, соның нәтижесінде адамдар тұлғалық бедерінен айрылғандай күй кешуде. Мұндай жағдайда адамға көмектесудің бірден-бір жолы-өзін тануын дамыту, өзін мойындау, өзін түсіну қабілетін ашу, өзгермелі дүниеде өз мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге үйрету.



Оқушыны өзіндік бақылауға бейімдеудің педагогикалық тұжырымдамасының басты мақсаты баланың өзіндік еркін дамуында педагогтың кәсіби көмек көрсетуі болып табылады. Бірақ, қандай да бір дарынды педагог болғанымен оқушы тұлғасын дәл өзі ойлағандай етіп қалыптастырып шығара алмайды. Бұдан шығатын қорытынды: мұғалімнің басты мұраты оқушының белсенді, толыққанды және шығармашылықпен өзіндік әрекетіне жол ашуы, өзін дамыту, өзін көкейкестілестіру, өзін бағалауын жеткілікті қамтамасыз ететін қажетті жағдайларды жасау және оны сақтау, яғни өзіндік дамуына жол ашу. Мұғалім мен оқушының арақатынасын объектілік-субъектілік қатынастан диалогтық, субъектілік-субъектілік қатынасқа айналдыру, өзіндік әрекет (өзіндік жұмыс, өзіндік бақылау, өзіндік бағалау) арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бірінші орынға оқушының дамуын емес, оның өзіндік дамуына түрткі болу, ояту қойылғаны жөн.

Өзіндік бақылау жүйесін жүзеге асырудың әрі мазмұны, әрі басты құралы - оқу- танымдық тапсырмалар жүйесімен, яғни дидактикалық құралдармен жұмыс істей білу. Зерттеулер мен педагогикалық тәжірибелер оқу танымдық тапсырмалардың мән-мағынасы жайлы мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

-оқыту әрекетінің әрі мазмұнды, әрі процессуалды жақтарын бейнелейтін жаңа ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе элементтерін берудің ең тиімді дидактикалық құралы;
-білім беру мазмұны тұрғысынан білімнің, қимыл тәсілдерінің тасушысы;
-мақсатқа сәйкес білімді, білікті және дағдыны қалыптастырудың құралы;
-оқушының оқу әрекетін басқару мен ұйымдастыру тәсілі;
-дамытып оқытуды жүзеге асырушы және өзіне қызығу және өз қабілетін, мүмкіндіктерін, мінез-құлқын зерттеу көздері.

Оқу-танымдық тапсырмалар мен есептер жүйесі оқушының білім алу үрдісін құруға екі жағынан келуге мүмкіндік береді. Оның бірі - тапсырмалар мен есептер жүйесі болса, екіншісі - оқытудың мазмұнымен байланысты. Осы ұстанымдарға орай оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеуге қажетті оқыту мазмұнын құрастыру арнайы жасалынған оқу танымдық есептер мен жаттығулар жүйесімен, демек оларды шешуге қажетті тұлғаның білім, білік сапаларының кешенімен анықталады. Бұдан оқыту үрдісі барысында оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеудің басты құралы ретінде дидактикалық, яғни оқу-танымдық тапсырмаларды пайдалану орынды деген қорытынды шығады.

Оқу-танымдық тапсырмаларды орындау әрекеті өзімен, сыныптастарымен, мұғалімімен диалог түрінде орнатылған ахуалды шешу үрдісі арқылы ұйымдастырылуы тиіс. Бұл оқушыны өзіндік бақылауға бейімдеу үшін "субъект- субъект" деңгейіндегі өзіндік таным үшін аса маңызды.

Өзіндік бақылауға тиімді бейімдеуге арналған оқу –танымдық тапсырмалардың біз төмендегідей үш типін анықтадық.

1. Оқушының өзіне қатынасын тудырып, өзіне әр түрлі тұрғыдан қарауға мүмкіндік беретін тапсырмалар. Мұндай тапсырмалар тек пәндік білімді ғана игеріп қоймай, оқушының өзінің оқу-танымдық әрекетін бақылап, бағалауын, өзіндік бақылаудың нәтижесін алдын ала біліп отыруды таңдау білігін де арттырады.
2. Белгілі бір жағдайда орындалатын тапсырма (оқу-танымдық тапсырманың шарттары, оқушының мотивациялық күші, тапсырманы шешуге қажетті білімнің болуы және т.б.)

Мұндай тапсырмаларды орындау барысында оқушы оқу материалының берілу логикасына, түріне, өзінде бар білімге талдау жасауға мүмкіндік алады.

3. Өзіндік бақылауда жоғары табыстарға қол жеткізуге, оны әрі қарай мойындап өз әрекетінде қолдануға жол ашатын есептер мен тапсырмалар. Бұндай тапсырмалар өзіндік жұмыстарды орындауға оқушының ынта-ықыласын, қызығуын туғызады.

Аталып өткен тапсырмалар типтері оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеудің арнайы жүйесінің барлық бөліктерінде жүзеге асырылуы тиіс. Анықталған өзіндік бақылауға бейімдеу жүйесінің осы үш бөлігі жеке алынбай, бәрі бірге қолданылғанда ғана тиісті нәтижеге қол жеткізіледі, себебі әрбір бөліктің өзіндік атқаратын қызметі бар, бірін бірі алмастыра алмайды.

Өзіндік бақылауға бейімдеудің түпкі нәтижесі әрі мақсаты оқушының өзіндік дамуы мен өзінің оқу- танымдық әрекетін жетілдіру болып табылады. Оқыту үрдісінде өзіндік бақылауға бейімделудің мақсаттары мен міндеттері қоғамның дамуы, оның қажеттіліктері мен білім берудің құралдары және қатысатын оқушыларды ескеру арқылы айқындалады.